

## **Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы**

Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 574 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 21 желтоқсанда № 4846 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3 бабының 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Шардара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шардара ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Шардара ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес айқындалсын.
3. "Шардара ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіpte:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Шардара ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауга жолданылуын;
- 4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Шардара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Н. Сапаровқа жүктелсін.
5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**"Түркістан облысы полиция**

*Б. Кистауов*

департаментінің Шардара аудандық  
полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
бастығы

А.К. Турғынбаев

"20" желтоқсан 2018 жыл

Шардара ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы "20" желтоқсандағы  
№ 574 қаулысына 1 қосымша

## **Шардара ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелегеудің түрлері мен тәртібі**

1. Осы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелегеудің тәртібі Шардара ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелегеудің түрлері мен тәртібін айқындайды.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 27 қарашадағы № 641 бұйрығымен бекітілген Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесі, олардың нысандары мен түрлеріне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3326 тіркелген) жүзеге асырылады.

3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелегеу мәселелерін аудан әкімдігі құратын Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелегеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды

4. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелегеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға "Түркістан облысы полиция департаменті Шардара ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – полиция бөлімі) енгізеді.

5. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелегеу үшін негіз болып табылады.

6. Көтермелегеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелегеудің түрлері:

- 1) Шардара ауданының Құрмет грамотасы;
- 2) ақшалай сыйақы;
- 3) құнды сыйлық.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу және құнды сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша полиция бөлімі бастығының бүйрығы шығарылады.

9. Полиция бөлімі ақшалай сыйақыны төлеуді және бағалы сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.

10. Көтермелектерді төлеуге қаражат облыстық бюджетте, Түркістан облысының полиция департаменті 252 003 "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелек" бюджеттік бағдарламасымен көзделеді.

11. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Түркістан облысы Шардара ауданының Құрмет грамотасын, ақшалай сыйақы, бағалы сыйлықтар беруді полиция бөлімі салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

Шардара ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы "20" желтоқсандағы  
№ 574 қаулысына 2 қосымша

### **Шардара ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға ақшалай сыйақының мөлшері**

1. 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.
2. Бағасы 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құнды сыйлық.